**Қазақстан Республикасында тұратын немістерді этникалық қайта өрлету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 23 сәуір N 639

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында тұратын немістерді этникалық қайта өрлету жөніндегі қосымша шаралар (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық атқарушы органдар, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттардың есебінен және шегінде көрсетілген шараларды жүзеге асыру жөнінде практикалық шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 сәуірдегі
N 639 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында тұратын немістерді
этникалық қайта өрлету жөніндегі
ҚОСЫМША ШАРАЛАР

| N р/с | Шаралар | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | I. Ұйымдастыру шаралары саласында: | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан немістерінің III съезін өткізу | 1998 жылы қазан | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша), Сыртқыісмині |
| 2 | Қазақстан еңбек армияшыларының II съезін өткізу | 1997 жылы тамыз | Білім және мәдениетмині, Ғылыммини - Ғылым академиясы, Еңбекәлеуметқорғаумині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 3 | Қазақстан мен Германия арасында жастар туризмін дамытуға, неміс жастар топтарының шығармашылық алмасуына жәрдем көрсету | үнемі | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 4 | Қазақстандағы неміс жастарының жиынын өткізу | 1997 жылы қазан | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша), Неміс жастарының одағы (келісім бойынша) |
| 5 | Бұрынғы қазақстандық азаматтарды Қазақстан аумағындағы жобаларды Германия бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асыруға тарту туралы келісім қабылдау жөнінде ГФР Үкіметімен келіссөз процесіне бастамашылық жасау | 1997 жылы | Сыртқыісмині, Экономика және саудамині, Қаржымининің жанындағы Сырттан қарызға алу жөніндегі комитет, Инвестмемкомы |
| 6 | Немістердің экономикалық, әлеуметтік және демографиялық | жыл сайын | Білім және мәдениетмині, Экономика және саудамині, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | проблемаларын жүйелі түрде талдау, көші-қон процестерін зерделеу, неміс ұлтты азаматтарды тұрақтандыру және оларды мәдени-тілдік арнайы қанағаттандыру үшін жағдай жасау | | Еңбекәлеуметқорғаумині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| | II. Мәдениет саласында: | | |
| 7 | Республиканың неміс тұрғындарының мәдениеті мен білім алуы мәселелерін шешу үшін бірлескен уағдаластықтың шеңберінде екі жақты жұмыс тобын құру | 1997 жылы | Немістер ісі жөніндегі үкіметаралық қазақстан-герман комиссиясының қазақстандық бөлігі |
| 8 | Кездесу орталықтарына, мұражайларға, кітапханаларға, тіл және мәдениет жөніндегі балалар жексенбілік мектептеріне қажетті үй-жай бөлінуіне жәрдемдесу | үнемі | Білім және мәдениетмині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері |
| 9 | Неміс театрының, Неміс театр академиясының, концерттік ұйымының қатысуымен республикалық неміс мәдени орталығын құру | 1997-1998 жылдары | Білім және мәдениетмині, Алматы қаласының әкімі |
| 10 | Жамбыл облыстық тарихи - өлкетану мұражайының жанынан неміс суретшісі Л.Брюмердің халық мұражайын құру мәселесін пысықтау | 1997-1998 жылдары | Білім және мәдениетмині, Жамбыл облысының әкімі, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 11 | Солтүстік Қазақстан облысының Петерфельд | >> | Білім және мәдениетмині, Солтүстік Қазақстан және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | селосындағы және Павлодар облысының Я.Геринг атындағы ұжымшарындағы мұражайлардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қабылдау | | Павлодар облыстарының әкімдері |
| 12 | Қарағанды, Павлодар облыстық филармонияларының жанынан кәсіпқой концерттік топтар құру туралы мәселені пысықтау | >> | Білім және мәдениетмині, Қарағанды және Павлодар облыстарының әкімдері |
| 13 | Жыл сайын: республикалық және облыстық деңгейде фестивальдар, конкурстар, мәдениет күндерін, неміс кәсіпқой және әуесқой шығармашылық ұжымдарының, ансамбльдерінің, топтары мен әншілерінің гастрольдерін неміс суретшілерінің жеке және топтық көрмелерін, неміс жазушылары мен журналистеріне арналған шығармашылық кездесулер мен семинарлар, мәдениет қызметкерлерінің семинарларын, конференцияларын, кездесулерін өткізуді көздейтін бірлескен жоспарлар әзірлеу және оларды жүзеге асыру | үнемі | Білім және мәдениетмині, облыстық (қалалық) мәдениет басқармалары, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 14 | Жыл сайын Неміс театр академиясына, музыкалық колледждердің неміс топтарына оқушылар қабылдауға жәрдемдесу. Қостанай | >> | Білім және мәдениетмині, Қостанай облысының әкімі, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мәдениет және өнер колледжінен неміс тобын ашу | | бойынша) |
| 15 | Қазақстан немістерінің тарихы мен мәдениетінің зерттеушілері бірлестігін құру. Ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар өткізіп, Қазақстандағы неміс ұйымдары архивін құру | >> | Ғылыммині - Ғылым академиясы, Білім және мәдениетмині, Мемлекеттік архив, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 16 | Әдеби жинақтарды, көркем каталогтарды, әдістемелік құралдарды, ғылыми жинақтар және мәдениет жөніндегі түрлі жарнамаларды шығаруға жәрдемдесу | үнемі | Білім және мәдениетмині, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік (келісім бойынша), "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |

III. Білім беру саласында:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Оқу орындарында неміс тілін үзбей оқытуды дамытуға ықпал ету. Жалпы білім беретін мектептер мен балалар бақшаларында неміс тілін тереңдетіп оқытатын арнаулы сыныптар мен топтарды ұйымдастыру тәжірибесін тарату | 1997-1998 жылдары | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 18 | Неміс мәдени орталықтарының мектеп жасына дейінгі және мектеп оқу орындарының жанынан тіл және мәдениет | 1997 жыл | Білім және мәдениетмині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері "Қайта өрлеу" Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | балалар жексенбілік мектептерін ұйымдастыру тәжірибесін жалғастыру. Оларды қажетті әдістемелік және оқулық әдебиеттермен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану | | немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 19 | Ересек тұрғындарға арналған неміс тілінің кешкі және жексенбілік курстарының жұмысы үшін жағдай туғызуға жәрдемдесу. Оларды өткізудің әдістемесін жасау | үнемі | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша), облыстар мен Алматы қаласының әкімдері |
| 20 | Немістердің ісі жөніндегі үкіметаралық қазақстан-герман комиссиясының келіссөздер процесінің негізінде бұрын Қазақстаннан Германияға тұрақты тұруға қоныс аударған ГФР азаматтарын неміс тілінің мұғалімдері ретінде тартуға бастамашылық жасау | үнемі | Немістер ісі жөніндегі үкіметаралық қазақстан-герман комиссиясының қазақстандық бөлігі |
| 21 | Қазақстан немістерінің қатарынан Қазақстан мен Германия оқу орындарында жоғары білімді мамандар даярлау жөнінде бағдарлама жасау | 1997-1998 жылдары | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 22 | Қазақстан немістері қоғамдық бірлестіктерінің Ассоциациясы құрған стипендиаттар тізімінің | үнемі | Білім және мәдениетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | негізінде Қазақстан немістері үшін Герман академиялық айырбастау қызметімен бірлескен бағдарлама әзірлеуге бастамашылық жасау. Неміс тілін жетілдіру үшін мектеп, жастар және академиялық алмасу жүйесін кеңейтуге жәрдемдесу | | ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 23 | "Қазақстанның кәсіптік-техникалық білім беруіне жәрдемдесу" қазақстан-герман жобасын жүзеге асыру барысына неміс тілін тереңдетіп оқытатын қазақ-неміс лицейлері мен колледждерін құру жөніндегі жұмысты жандандыру | 1997-1998 жылдары | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 24 | Немістердің білім жағдайынан деректер жинау, оны талдау мен болжау және олардың мәдени дамуына ықпал ету және Қазақстандағы неміс ұлтты азаматтардың пайдасына кеңейтілген жұмыстар жүргізудің герман-қазақстан бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі орталық құру жөнінде шаралар қабылдау | 1997-1998 жылдары | Білім және мәдениетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 25 | Арнаулы сыныптарда және тіл курстарында жұмыс істейтін неміс тілі оқытушыларының семинарларын өткізуді практикаға енгізу | үнемі | Білім және мәдениетмині |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26 | Германияда және ТМД-да шығатын, неміс тілін тереңдетіп оқытатын арнаулы сыныптарға, балалар бақшаларындағы топтарға және жоғары және арнаулы орта оқу орындарының бөлімдеріне арналған оқулықтарды, оқу құралдарын, әдістемелік және басқа да әдебиеттерді алу үшін қаражат бөлудің мүмкіндігін қарастыру | >> | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 27 | Неміс тілі бойынша мектеп оқушыларының республикалық олимпиадасын өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру | жылына бір рет | Білім және мәдениетмині, "Қайта өрлеу"Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| | IV. Экономика саласында: | | |
| 28 | ГФР Үкіметімен мына бағыттар бойынша: Германияның азаматтарын - Қазақстанның бұрынғы азаматтарын Қазақстандағы немістер тығыз тұратын жерлерде кәсіпкерлік қызмет жөніндегі жобаларды жүзеге асыруға тарту жөнінде; Қазақстандағы шағын және орташа бизнестің аясындағы неміс кәсіпкерлерінің жобаларын жүзеге асыру үшін экономикалық ынтымақтастық және Германияны дамыту жөніндегі (BMZ) Германияның Ішкі істер федеральдық министрлігінің желісі бойынша қаржылық және техникалық көмектерді пайдалану туралы | 1997 жылы | Немістер ісі жөніндегі үкіметаралық қазақстан-герман комиссиясының қазақстандық бөлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | келіссөздер жүргізу | | |
| 29 | Қазір Германияда тұратын Қазақстанның бұрынғы азаматтарын шағын және орташа бизнесті дамытуға олардың қатысуын көздейтін қазақстандық жобаларды жүзеге асыруға тарту жөнінде бағдарлама жасау | 1997 жылы | Экономика және саудамині, Инвестмемкомы, Қаржымині, Сыртқыісмині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 30 | Орташа және шағын бизнес саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін қаражат тартудың кестесін жасау | >> | Экономика және саудамині, Инвестмемкомы, Қаржымині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) Қазақстан Эксимбанкі |
| 31 | Даму жөніндегі бірлескен қоғам, Даму жөніндегі банк және басқа да бірлескен инфрақұрылымдық объектілер құрудың мүмкіндігін қарау | >> | Экономика және саудамині, Инвестмемкомы, Қаржымині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) Ұлттық банк (келісім бойынша) |
| 32 | Қаржыландыру үшін ұсынылған басымдықты жобаларды анықтау үшін тендерлік комиссия құру | >> | Экономика және саудамині, Инвестмемкомы, Қаржымині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 33 | Қазақстандағы немістер тығыз тұратын жерлерде арнаулы экономикалық аймақтар құрудың дұрыстығы мен мүмкіндігі туралы ұсыныстарды қарау | >> | Экономика және саудамині, Инвестмемкомы, Қаржымині, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |
| 34 | Қазақстан кәсіпкерлеріне | >> | Республикалық салааралық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (неміс ұлтты) арналған Германия кәсіпорындарында тәжірибеден өткізу арқылы оқыту курстарын құру жөнінде шаралар қабылдау | | біліктілік арттыру институты, Экономика және саудамині, Инвестмемкомы, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша), Еңбекәлеуметқорғаумині |

V. Денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек саласында:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35 | Қазақстанда медициналық орталықтар, әлеуметтік қорғау станцияларын, медициналық-сауықтыру профилакторийлерін және өзге де медициналық мекемелер желілерін құру жөніндегі герман бағдарламаларын жүзеге асыруға, оларды штаттармен, үй-жайлармен және қажетті дәрі-дәрмектермен әрі техникамен қамтамасыз етуге жәрдемдесу | >> | Денсаулықмині, Еңбекәлеуметқорғаумині, Инвестмемкомы, Қаржымині, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, "Қайта өрлеу" Қазақстан немістерінің ассоциациясы (келісім бойынша) |

VI. Бұқаралық ақпарат құралдары және баспа жұмыстары саласында:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 36 | Белгіленген тәртіппен Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университеті журналистика факультетінің жанынан неміс бұқаралық ақпарат құралдары үшін кадрлар даярлау жөнінде бөлім ашу. Неміс бұқаралық ақпарат құралдары мамандарының тәжірибеден өтуі және олардың біліктілігін | үнемі | Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттік (келісім бойынша), Білім және мәдениетмині, Сыртқыісмині, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көтеру мәселелері жөнінде келіссөз процестеріне бастамашылық жасау | | |
| 37 | Республиканың неміс бұқаралық ақпарат құралдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қабылдау | 1997-1998 жылдары | Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттік (келісім бойынша), "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы |
| 38 | Республикалық теледидар және радио бойынша "Guten Abend" студиясы хабарларының уақыты мен қызметін тұрақты негізде кеңейту мәселесін қарау | 1997 жылы | Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттік (келісім бойынша), "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы |
| 39 | Неміс тарапымен "АзияСАТ" жер серігі арқылы теле-радио арнасын құру мүмкіндігі туралы келіссөз процесін жүзеге асыру | >> | Немістер ісі жөніндегі үкіметаралық қазақстан-герман комиссиясының қазақстандық бөлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттік (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК